



# Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

**«Фармацевт – фармакогноз» модулі**

**Мамандық – 5В110300 «Фармация»**

**бакалавриат**

**Дайындық бағыты – «фармацевт»**

**Цикл атауы – «Фармакогнозия»**

**8 кредит - 360 сағат**

**Фармацевтикалық**

**факультет**

**5 курс**



# Тақырыптың өзектілігі

Фармакогнозия – дәрілік өсімдіктер мен өсімдік және жануар текті дәрілік өсімдік шикізаттарын үйрететін ғылым. Фармакогнозия ХІХ ғасыр ортасында пайда болған және гректің «pharmakon» - дәрі (у) және gnosis – білім сөздерінен шыққан. Емдік дәрілік өсімдіктерді және жануар текті шикізаттарды , сондай-ақ олардан алынатын өнімдерді үйрену қазіргі таңда квалифицирленген маман – кез – келген фармацевтикалық қызметтегі фармацевт үшін өзекті тақырып болып табылады.

# Қалыптасушы компетенциялар

- Теориялық білімді қалыптастыру (когнитивті компонент);
- Дәрілік өсімдікке және дәрілік өсімдік шикізатына микроскопия жүргізу, сапалық анықтау және сандық анықтау бойынша тәжірибелік ілімді игеру;
- Студенттің ДӨ мен ДӨШ сыртқы белгілерін сипаттау, дәлелді мәліметтер келтіре білу, өз ойын жеткізе білу, логикалық ойлауды дамыту, сайыстарда қатысу және т.б. сияқты коммуникативті дағдыларды игеру;
- ДӨ пен ДӨШ сапасын, тиімділігі мен қауіпсіздігін реттейтін нормативтік құжаттармен таныса отырып, құқықтық компетенцияны дамыту;
- Дәрілік өсімдік шикізаты бойынша материалды студенттің өзіндік және шығармашылық қабілеттерін дамыту және үздіксіз жетілдіріп отыру арқылы мақсатты оқыту.

# Күтілетін нәтижелер

- Дәрілік өсімдіктер, ароматты майлар мен сулар туралы мәліметті игеру;
- Компетенцияның 5 компонентін енгізе отырып, мамандық бойынша ілімдерді игеру;
- ДӨШ-пен, ароматты майлар мен сулармен мәселелерді шешуді игеру;
- Тұлғааралық коммуникативті қарым – қатынас ілімін игеру;
- Критикалық ойлауды дамыту.

## Пән туралы қысқаша мәлімет

- Өсімдік, жануар текті дәрілік заттарды және олардың қайта өңдеу өнімдерін зерттеу жаңа, тиімді және қауіпсіз дәрілік заттарды табу мақсатындасондай-ақ импорттық шикізатты отандықпен алмастыру мақсатында жүргізілуде. Дәрілік өсімдіктің химиялық құрамын зерттей отырып, биологиялық активті заттар бөлініп алынады, олар талданып, ағзаға көрсететін фармакологиялық әсері зерттеледі. Фармакогнозия дәрілік өсімдіктерді танумен, өсімдік және жануар текті дәрілік заттарды стандартизациялаумен айналысады.

- Пререквизиттер – мемлекеттік, орыс және латын тілдері, ботаника, Қазақстан тарихы.
- Постреквизиттер – фармакология, фармацевтикалық химия, токсикологиялық химия, фармакогнозия, дәрілік қалыптар технологиясы, фармация экономикасын ұйымдастыру және т.б.